

## ЮРИСЛИНГВИСТИКАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, САЯСИ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК РӨЛІ

Оразбаева А.С. – ф.ғ.к., А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы

Мақалада лингвистика мен юриспруденцияның тоғысындағы тілдің заңдық аспектісі қарастырылады. Бәсекеге қабілетті мемлекеттік тілдегі юрислингвистиканың қазақстандық үлгісін қалыптастыру проблемалары да сөз болады. Лингвистика мен юриспруденцияның бірін-бірі жақындастыратын ортақ мәселелерінің бірі – тілдің заңдық аспектісі. Лингвистикалық сараптаманың қолданбалы лингвистика ретінде сот процесіндегі ролі де қарастырылады. Тілдің әлеуметтік функциясы өте кең. Мәдениеттегі, діндегі, ұлттық және саяси өзін-өзі танудағы, сонымен бірге мемлекеттік құрылымдағы тілдің ролі әлеуметтік әдебиеттерде жиі сөз болады. Тілдің психологиямен, тарихпен, әлеуметтанумен, логикамен, философиямен және т.б. байланысы баршамызға аян. Тілдің осындай басқа салалармен байланысының негізінде өз алдына зерттеу нысаны айқын тіл білімінің психолінгвистика, социолінгвистика, этнолінгвистика, когнитивтік лингвистика т.б. салалары қалыптасты. Дегенмен лингвистикалық әдебиеттерде тілдің заңдық аспектісі, яғни тіл мен юриспруденцияның байланыстылығы зерттеу нысаны ретінде арнайы қарастырылмай келеді. Лингвистикалық сараптаманың ролі қылмыстық процессте де қолданбалы лингвистика ретінде қарастырылмай келеді. Юрислингвистиканың зерттеу нысаны тіл мен заңның өзара әрекеттестігіндегі мәселелерімен байланысты болатындығы айтылады.

Кілт сөздер: құқық, сот процесі, сараптама өндірісі, лингвистикалық сараптама, лингвистика.

## СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ И КОММУНИКАТИВНАЯ РОЛЬ ЮРИСЛИНГВИСТИКИ

Оразбаева А.С. – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры теории языков и литературы Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова, г. Костанай

В статье рассматриваются юридические аспекты языка на стыке лингвистики и юриспруденции. Идет речь также о проблемах формирования казахстанской модели юрислингвистики на конкурентоспособном государственном языке. Также рассматриваются роль лингвистической экспертизы в качестве прикладной лингвистики судебного процесса Юрислингвистика изучает отношение языка к закону. Юридический аспект языка - предмет юрислингвистики. Социальная функция языка очень широк. Язык является очень важным в культурной, религиозной, национальной, социальной самопознания и политической системы. Общеизвестно, что язык имеет тесные связи с психологии, истории, социологии, логике, философии и т. д. на основе связи языка с различными сферами следующие филиалы: психолінгвистика, социолінгвистика, этнолінгвистика, когнитивная лингвистика и т. д. Тем не менее, в лингвистической литературе законных аспект языка, то есть соединение языка и юриспруденции не рассматривается как форма исследования. Роль лингвистической экспертизы в уголовном процессе не рассматривается в качестве прикладной лингвистики. В статье рассматриваются проблемы юрислингвистики, как взаимоотношения языка и закона.

Ключевые слова: право, судебный процесс, производство экспертизы. лингвистическая экспертиза, лингвистика.

## SOCIO-POLITICAL AND COMMUNICATIVE ROLE OF JURILINGUISTIC

Orazbayeva Aitbibi Sultanovna – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer of Theory of Languages and Literature Department at Kostanay State University, Kostanay.

The article deals with the legal aspects of the language at the intersection of linguistics and law. Question about the role of linguistic expertise as applied linguistics trial. Question about the problems of formation of Kazakhstan's model jurislingvistiki the official language. Social, political and language-communication to turn into theoretical and practical significant matters. Juris linguistics by getting in scientific stream causes political claim in the science of law, mass media and political domains. Should give emphasis to that along with global importance of judicial aspects of the language it has historical importance. Social function of the language is very wide. Language is very important in cultural, religious, national, social self-knowledge and political system. It is generally known that language has close ties with psychology, history,

*sociology, logics, philosophy and etc. on the basis of connection of the language with different spheres following branches made: psycholinguistics, sociolinguistics, ethno linguistics, cognitive linguistics etc. However, in the linguistic literature legitimate aspect of the language that is to say connection of language and jurisprudence is not considered as a form of research. The role of linguistic expertise in criminal proceedings is regarded as applied linguistics. In the article the problems of jurilinguistic, as the relationship between language and the law.*

*Key words: law, judicial process, expertise production. linguistic examination, linguistics*

Лингвистика мен юриспруденцияның бірін-бірі жақындастыратын ортақ мәселелерінің бірі – тілдің заңдық аспектісі. Отандық юрислингвистиканың теориялық және практикалық мәселелерін мемлекеттік тілдегі ғылыми-зерттеу нысанына айналдыруда шетелдердің және Ресейдің юрислингвистика саласындағы тәжірибелерін басшылыққа алу көзделеді. Батыс Европада юрислингвистика - зерттеу нысаны, мақсат-міндеттері айқындалған ғылым саласы. Ал Ресейде тілдің заңдық және құқықтанудың лингвистикалық аспектілері соңғы жылдарда ғана кеңінен қарастырыла бастады. Әсіресе, герменевтика және логика мәселелері (интерпретация, аргументация, лингвистикалық сараптама және т.б.) бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Батыс Европа және Ресей т.б. елдермен юрислингвистика саласында тәжірибе алмаса отырып, отандық, яғни қазақстандық юрислингвистика да жас ғылым саласы ретінде өз бағыт-бағдарын анықтауда. Тілдің заңдық аспектісін мемлекеттік тілде қарастыру юрислингвистиканың басты нысандарын айқындап береді. Қазақстандағы тіл саясатының басты міндеті мен мақсаты - мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қоғам өміріне толық араласуы, соған қатысты іс-шараларды жүргізу, оларды насихаттау, заң шығару, тілді заң арқылы бекіту, тұрақтандыру, тілдің өмір сүруінің басты қағидаларын бекіту т.б. Сондықтан мемлекеттік тіл саясатының нақты шынайы көрінісі ретіндегі құқықтанудағы лингвистикалық сараптаманың жаңа салада толық айқындалуына мүмкіндік береді.

Тілдің әлеуметтік функциясы өте кең. Мәдениеттегі, діндегі, ұлттық және саяси өзін-өзі танудағы, сонымен бірге мемлекеттік құрылымдағы тілдің ролі әлеуметтік әдебиеттерде жиі сөз болады. Тілдің психологиямен, тарихпен, әлеуметтанумен, логикамен, философиямен және т.б. байланысы баршамызға аян. Тілдің осындай басқа салалармен байланысының негізінде өз алдына зерттеу нысаны айқын тіл білімінің психоллингвистика, социоллингвистика, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика т.б. салалары қалыптасты. Дегенмен, лингвистикалық әдебиеттерде тілдің заңдық аспектісі, яғни тіл мен юриспруденцияның байланыстылығы зерттеу нысаны ретінде арнайы қарастырылмай келеді.

Отандық ғылымда бүгінге дейін тілдің заңдық аспектісі және тіл білімінің юриспруденциямен байланысты мәселелері зерттеу объектісіне айналмай келеді. Кейбір дереккөздерде ғана бұндай аспектінің объективті түрде бар екендігі және лингвистика ғылымындағы мәнінің маңызды екендігі айтылады. Қазақстан үшін жаңа ғылым – юрислингвистиканың бұл контекстегі теориялық және практикалық мәселелерін зерттеу, оның фундаменталды және қолданбалы аспектілерін қарастыру келесідей негізгі факторлармен түсіндіріледі: юрислингвистиканы жасаудың әлеуметтік, саяси және коммуникативті-тілдік өзектілігімен; юриспруденцияның даму процесінде құқықтың түрлі лингвистикалық аспектілерінің жасалуымен.

Қазіргі таңда бұл проблеманы юриспруденцияның басым спецификасын нақтылай отырып және лингвистиканың спецификасын неғұрлым қарапайым түсіндіре отырып, негізінен құқықтанушы-ғалымдар зерттеуде, бірақ сонда да болса жекелеген авторлар лингвистиканың құқықтағы ролін бұлайша біржақты, «ведомстволық» тұрғыдан қарастырудың қате екендігін атап көрсетуде. Проблеманың теориялық және практикалық маңыздылығына қарамастан, өкінішке орай, юрислингвистика отандық лингвистика ғылымында қазіргі күнге дейін дербес зерттеу объектісіне айналған жоқ. Бұл тақырыпқа жазылған, негізінен заңгерлер тарапынан жазылған азғана мақалалар ғана бар. Отандық юрислингвистиканың осындай жағдайы мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілі мен қазақстандық құқықтың өзара байланысын зерттеушілердің алдына тиісті сипаттағы проблемалар қояды: жаңа ғылым – юрислингвистиканың объектісі мен пәнін тану, тіл мен құқықтың тоғысындағы құбылыстардың заңдық және лингвистикалық аспектілерін ажырату. Әлеуметтік әрекеттіктің кез-келген формасы, сонымен бірге коммуникациялық қатынастар юридикацияның қажеттілігін туғызады.

Тілдік құбылыстармен байланысты конфликтілі ситуациялар заңмен реттелетін әлеуметтік қатынастарға жатады. Конфликтілі мәтіндерді лингвистикалық зерттеу проблемасы тіл юридикациясы және оны лингвистикалық позициядан сипаттаумен анықталады. Тілдің заңдық аспектісін сипаттаудың өзектілігі лингвистикалық факторларға сүйенеді. Отандық тіл білімінде тіл мен қоғамның түрлі қатынастарын және тілдік әрекеттестіктердің әлеуметтік аспектілерін талдайтын, әлеуметтік лингвистиканың күрделі мәселесі болып табылатын тілдің заңдық аспектісінің жүйелі жасалымдары жетіспейді.

Тілдің заңмен анықталатын функциясы соңғы уақыттарға дейін әлеуметтік лингвистиканың жүйелі зерттеу нысаны болған емес. Тіл юридикациясы мәселесін жүйелі түрде қарастыру тілдің заңдық аспектісін талдауға арналған тілдің лингвистикалық және заңдық аспектілерінің

динамизациясын қабілеттендіреді. Қоғамда соңғы уақыттарда тілдің заңдық аспектісін зерттеуге деген әлеуметтік сұраныс қалыптасты. Сөз либерализациясы қоғамда көптеген конфликтілі тілдік ситуацияларды туғызды. Ал отандық лингвистика және юриспруденция салалары әлеуметтік конфликтілі тілдік ситуацияларды шешіп беруге дайын еместігін көрсетті. Проблеманың теориялық және практикалық маңыздылығына қарамастан, өкінішке орай, юрислингвистика отандық лингвистика ғылымында қазіргі күнге дейін дербес зерттеу объектісіне айналған жоқ. Бұл тақырыпқа жазылған, негізінен заңгерлер тарапынан жазылған азғана мақалалар ғана бар. Отандық юрислингвистиканың осындай жағдайы мемлекеттік тіл мәртебесіндегі-қазақ тілі мен қазақстандық құқықтың өзара байланысын зерттеушілердің алдына тиісті сипаттағы проблемалар қояды: жаңа ғылым – юрислингвистиканың объектісі мен пәнін тану, тіл мен құқықтың тоғысындағы құбылыстардың заңдық және лингвистикалық аспектілерін ажырату. Юрислингвистика бағытындағы қолданбалы сипатты лингвистикалық сараптаманың БАҚ-на, саяси қызметкерлерге және басқа жауапкерлерге соттық талап арыздар бойынша сараптама қорытындыларымен жұмыс барысында пайда болатын проблемалармен байланысты болады. Қазіргі кезде сарапшы-лингвистер көбінесе өз ұғымдары бойынша жұмыс істейді, әрине, ғылыми негізделген әдістемелер көптеген қиындықтарды болдырмауға және соттармен және тергеуші органдармен тағайындалған және өткізілген сараптамалардың сапасын көтеруге көмектесер еді.

Юрислингвистика саласындағы зерттеулер, сонымен бірге, білім беру саласындағы бір уақытта лингвистикалық және юриспруденциялық кәсіптік білімдерін меңгерген мамандардың қажеттілігіне байланысты Лингвистика және юриспруденцияның тоғысындағы юрислингвистика мәселелерін қарастырумен қазір юриспруденция мамандары айналысып келеді. Әрине, олар өз зерттеулерінде маман ретінде юриспруденцияның басым бағыттарын атап көрсетеді де, лингвистика қағидаларының ерекшеліктерін көрсетуді айналып өтеді немесе юриспруденциядағы лингвистиканың «тәуелді» мәселелерін сөз етумен ғана шектеледі.

Лингвистиканың әлеуметтік, саяси және коммуникативтік мәселелерінің теориялық және практикалық өзектілігі юриспруденцияда, бұқаралық-ақпарат құралдарында және саяси салаларда ғылыми айналымға түсуге сұраныс туғызады. Тілдің заңдық аспектісінің әмбебап қажеттілігімен қатар тарихи маңыздылығы да бар. Тілдік қатынас – «юридизацияны» қажет ететін әлеуметтік әрекеттесу құралдарының бір формасы. Әлеуметтік әрекеттесу арқылы пайда болған тілдік қатынастың кейбір даулы мәселелерін «юридизациямен» шешу көзделеді. Бұл юрислингвистиканың, яғни тілдің заңдық аспектісінің теориялық және практикалық мәселелерін қарастыру қажеттілігін алдымызға тартады. Лингвистика және юриспруденцияның тоғысындағы юрислингвистика мәселелерін қарастырумен қазір юриспруденция мамандары айналысып келеді. Әрине, олар өз зерттеулерінде маман ретінде юриспруденцияның басым бағыттарын атап көрсетеді де, лингвистика қағидаларының ерекшеліктерін көрсетуді айналып өтеді немесе юриспруденциядағы лингвистиканың «тәуелді» мәселелерін сөз етумен ғана шектеледі. Біздің бұл пікірімізді Ресейлік әріптестеріміздің де пікірлері растайды: «Изучению языка и текстов права посвящено большое количество работ юристов в которых рассматриваются особенности судебных речей, языка законов, а также проблемы его совершенствования и т.п. Однако авторы этих работ выступают в них прежде всего как юристы, то есть их интересует выраженное в тексте правовое содержание, «анализ же языка дается без соответствующей лингвистической основы» [1, б.110].

Юриспруденциядағы заманауи тіл мәселелері өз алдына лингвистика ғылымының саласы ретінде тәуелсіз зерттеу нысаны деп танылып, ғылыми зерттеу айналымына енгізуді қажет етеді. Тілдің «юридизациялық» жақтарын және юрислингвистикалық мәселелерін қарастыратын еңбектердің көпшілігінде тілдің лингвистикалық ерекшеліктеріне басты назар аударудан ауытқушылық орын алып жатады. Тіл білімі салаларының ерекшеліктері тек өзіне ғана тән лингвистикалық әдістер арқылы анықталады және қолжетімді болады. Тіл заңдылықтарын негізге алатын лингвистикалық зерттеулер нәтижесінде ғана лингвистика мен юриспруденцияның ортақ саласы юрислингвистика теориялық және практикалық міндет-мақсаттары айқын зерттеу нысаны бола алатындығы біздің мақаламыз тектес еңбектердің көпшілігінде айтылады: «Изучение практических и теоретических вопросов, находящихся на стыке языка и права, лингвистики и юриспруденции, приводит к выделению особого направления научных исследований - юрислингвистики, - которое занимается проблемами взаимодействия естественного языка и языка юридического, стихийных законов бытия языка и законов, выработанных правом для регулирования социальных конфликтов, связанных с использованием языка в различных сферах социальной жизни» [2, б.65].

Юрислингвистиканың және лингвоюрисстиканың ортақ нысандары тіл мен заңның өзара қарым-қатынасы болып табылады. Тілдің заңға қатынасын юрислингвистика, ал заңның тілге қатынасын лингвоюрисстика қарастырады. Тілдің заңдық аспектісі дегеніміз, біріншіден, әрқайсысынан юридизация белгілерін көруге болатын, құқықтану элементтерінен құралған табиғи тілдің ауызша және жазбаша формалары. Табиғи тіл ауыз екі сөйлеу және нормаланған тіл формасынан тұрады.

Ауыз екі сөйлеу - тілдің грамматикалық заңдылықтары ішінара сақталатын тілдік формаға жатады. Ал нормаланған тіл формасы грамматикалық тіл заңдылықтары талаптарына жауап бере алатын, ерекше кодификацияланған тілге жатады. Табиғи тіл формаларын белгілі бір жағдайларда заң саласымен жақындастыруда тіл және оның тұтынушыларының құқықтарын заңдастыру басты назарда болуы керек. Сондай-ақ, тілдің оны тұтынушылардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға қызмет етуі көзделуі қажет екендігін келесі пікірлер де құптайды: «Язык - это фундаментальная социальная ценность, обуславливающая все сферы жизнедеятельности общества, в том числе систему прав человека. Сегодня права человека органично вплетены в общественные отношения и представляют собой нормативную форму взаимодействия людей, упорядочения их связей, координации поступков и деятельности, предотвращения противоречий, противоборства, конфликтов. По своему существу права человека нормативно формулируют те условия и способы жизнедеятельности людей, которые объективно необходимы для обеспечения нормального функционирования индивида, общества, государства. Такие права, как права на жизнь, достоинство, неприкосновенность личности, свободу совести, мнений, убеждений, автономию частной жизни и другие, являются необходимыми условиями устройства жизни человека в цивилизованном обществе и, следовательно, должны быть безоговорочно признаны и охраняемы государством. Обеспеченность и стабильность прав человека в значительной степени зависят от упорядоченности и устойчивости права, объективация которого возможна только через язык. В силу этого, реализуя одну из своих главных функций - коммуникативную, - язык помогает праву осуществлять его основную функцию - регулятивную. И эта регулирующая, императивная функция позитивного права детерминирует не только права человека, но и функции языка, поскольку язык в праве «является единственным материалом, первоэлементом, из которого создаются и оформляются все правовые категории» [3, б.57]. Екіншіден, юрислингвистика саласына заң мәтіндерінің негізінде құралатын және юриспруденция практикасында қолданылатын табиғи тіл заңдылықтары мәселелері жатады.

Юрислингвистика тіл юридизациясына және адамдар қарым-қатынасының тілдік көріністеріне қызмет етеді. Тілдің юридизациялық мүмкіндіктері оны тұтынушылардың әлеуметтік қарым-қатынастарынан пайда болған тіл формалары арқылы жасалады және сол тіл формаларының өзіндік ерекшеліктері, заңдар және нормалар арқылы анықталады. Ал юрислингвистиканың металингвистикалық аспектісі және оның онтологиялық негізі заң тілі болып табылады. Тілдің қоғамдағы коммуникативтік қызметімен бірге эстетикалық қызмет атқаратындығын да ұмытпауымыз керек. Сондықтан қоғамдық қарым-қатынастың эстетикалық деңгейін көрсететін қарым-қатынас құралы тіл тазалығының бұзылмауына көңіл бөлінуі қажет. Тілдік нормаларды меңгермеу моральдік немесе қылмыстық салдарлардың тууына себеп болуы мүмкін. Әлеуметтік ортаның кез келген саласында қоғамдық қатынас құралы тіл табиғатының бұзылып жатқандығы байқалып тұрады. Ондай жағдайларда азаматтардың ар-ожданы заң алдында қорғалуы тиіс.

Юрислингвистика азаматтардың ар-намыс, қадір-қасиеттері мен іскери бедел, жала жабу, балағаттау және т.б. жөніндегі қылмыстық істер бойынша сот процесіндегі даулы мәселелерді лингвистикалық сараптама жасау арқылы шешуге көмектеседі. Юрислингвистика мәселелерін қарастыруда тіл және оның мәні, тілді тұтынушылар (құқықтанудың субъектісі мен объектісі ретінде), сонымен бірге заңның құрылымы және оны түсіну (заң саласындағы табиғи тілдің заңнама және интерпретациялық функциялары), сонымен бірге, сараптау құралы болып табылатын (арнайы лингвистикалық құзіреттілікті талап ететін тілдік теориялық-практикалық мәселелер бойынша лингвистикалық сараптама функциялары) тілдің заң аясында қолданылуы қамтылады. Бұл арқылы біз фундаментальді, өзара астасқан барлық юрислингвистикалық зерттеулердің негізінде жатқан екі мәселені көреміз. Біріншіден, бұл юридизация аясындағы тілдік заңдардың құқықтану заңдарына қатысты мәселелері. Екіншіден, табиғи және заң тіліне қатысты мәселелерді заң тілінің ерекшеліктеріне сәйкестендіру мәселесі.

Юрислингвистика тұрғысында бұл мәселелер (олардың зерттеу негіздері) үздіксіз эволютивті болып келеді. Юриспруденциядағы табиғи тілдің эволюциясы аясындағы бұл мәселелер лингвистиканың заманауи жалғасы болып табылады. Атап айтқанда тіл заңдылықтарының юридизациясы мен заң тілінің нормасы бұл жағдайда қоғамдық өмірдің түрлі коммуникативтік салаларында, соның ішінде юриспруденцияда тілдің органикалық дамуы ретінде көрінеді деген пікірімізді: «Тілдің қызметі құрылымдық лингвистикадан шыға отырып, коммуникативті-прагматикалық қызметін көрсетуі тілді зерттеудің антропоцентристік бағыттағы жаңаша ізденістеріне алып келді. Бұл құбылыс тілді зерттеудің жаңаша бағыттарын, көкейкесті мәселелерін, түрлі ғылыми көзқарастар легін алып келді» [1, б. 117],- деп тұжырым жасаған әріптестеріміздің пікірі де құптайды.

Юрислингвистика барлық аралас тілдік құқықтық құбыластардан көп жағдайда жаратылыстану табиғаты бар тілді, оның өзіне тән тілдік заңдылықтары және заңдары бар детерминациясын бірінші кезекте қарастырады. Қазіргі лингвистиканың жаңаша мақсат-міндеттері лингвистика және юриспруденцияның ортақ мәселелерін қозғайтын сала юрислингвистикамен тығыз байланысты.

Юрислингвистиканың аралас, қолданбалы және жеке аспектілеріне заңдық материалдарды қолдануды жатқызамыз. Заңдық материалдардың практикалық маңызы өте зор. Юриспруденцияда заң шығару техникасы мен заңдарды түсіну және түсіндіру техникасы, соттардың тілдерінің құрылымы және түрлі құжаттарды рәсімдеу ретіндегі лингвистикалық аспектілер өте маңызды роль атқарады.

Юрислингвистика әдеби тілдік норманы БАҚ-ндағы дәрекі қарапайым тіл мен өзге тілдердің лексикасынан қорғайды. Қазіргі таңда лингвистика коммуникативті-прагматикалық қызметте жаңаша мақсат-міндеттерді көздейтіндігі айтылып жүр. Юрислингвистиканың мақсаты – табиғи тілдің (оның заңдары мен заңдылықтарын) юриспруденция аясында өзгеріске ұшыруы арқылы беретін мән-мағынасының түсіндірілуін қарастыру. Юрислингвистиканың жоғарыда аталған аспектілерінен басқа оның қолданбалы және қосымша қызметтеріне де тоқталып өткен орынды. Қоғамдық юрислингвистиканың мәні жөнінде де сөз қозғаудың мәні бар. Бұл тұрғыда юрислингвистиканы заңгерлер мен лингвистер қызметінің дәстүрлі қиылысымен ұштастыруға тырысулар анықталды. Аралас пәндермен ғана шектелетін дәстүрлі қиысулар тілдік-құқықтық феноменнің түйінді мәселесіне жатпайды.

Лингвоюристика тілдік-құқықтық феномендерді қарастыруда қалыптасқан заңдар мен дәстүрлерді ұстанады. Лингвоюристиканың басты мақсаты – тілді қарастыру және тіл негізінде адамдардың қоғамдық өмірдегі құқықтық практикаларда бетпе-бет келетін жағдайлардағы әлеуметтік әрекеттесулерін заң аясында қарастыру. Лингвоюристикада құқықтанудың лингвистикалық аспектілерімен айналысады, сондықтан да юриспруденция саласына жатады. Егер юрислингвистика құқықтық құжаттарда немесе сот процестерінде табиғи тіл көрінісінің қандай дәрежеде (қандай мағынада) қолданылғандығын анықтаса, ал лингвоюристика бұл мәселелерді ағымдағы заңнамадағы сот практикасына енгізу мәселелерімен айналысады.

Юрислингвистика лингвистикалық мәліметтердің негізінде тіл лексикасының өзгеру шкаласын жасаса, яғни тіл лексикасының осы шкалаға қаншалықты ауысу дәрежесін анықтауды жүзеге асырса, сол шкаладағы тілдік көріністің азаматтардың ар-намыс және қадір-қасиеттерін заңмен қорғауға қатысты өзіне ғана тән заңдық квалификациясын жүзеге асырады. Юрислингвистика заңдық мәтіндерді табиғи тіл арқылы түсіндіреді және бұл лингвоюристерге де қатысты болып келеді, дәлірек айтқанда, олардың негізгі түсіндіру әдісі арнайы заң аясында қарастырылады.

Жоғарыда айтылғандарды негіздей келе, юрислингвистика қағидаларының жалпы анықтамасын ұсынуға болады: юрислингвистика қағидалары – бұл оның түрлі қайнар көздерде бекітілген немесе тұрақты заңдық практикада көрінетін құқықтың жалпы әлеуметтік және өзіндік заңдылықтарының таным дәрежесін айқындайтын және іштей келісілген және тиімді заңдық норма жүйесін құру үшін қызмет ететін, сонымен қатар қоғамдық қатынастарды оның жетіспеушілік және қарама-қайшылықты жағдайында тікелей реттеуді жүзеге асыратын жалпыға міндетті негізгі идеяларды жүзеге асыруды көздейді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Бринев, К. И. О презумпциях лингвистической экспертизы: конфликтные высказывания на шкале сведение / мнение // Юрислингвистика –7: язык как феномен правовой коммуникации. – Барнаул, 2006. – С. 103-138.
2. Бельчиков, Ю. А. Инвективная лексика в контексте некоторых тенденций в современной русской языковой коммуникации // Филологические науки. 2002. - № 4. - С. 66-93.
3. Гальяшина, Е.И. Возможности судебных речеведческих экспертиз по делам о защите прав интеллектуальной собственности // Интеллектуальная собственность. Авторское право и смежные права. 2005. - N 9. - С. 50-59.

#### **References:**

1. Brinev, K. I. On presumptions of linguistic examination: conflicting statements on the scale of the reduction / opinion // Forensic linguistics –7: language as a phenomenon of legal communication. – Barnaul, 2006. – pp. 109-138.
2. Belchikov, Y. A. Invective vocabulary in the context of some of the trends in modern Russian language communication // Philological Sciences. 2002. - № 4. - pp. 66-93.
3. Galyashina, Y.I. Capabilities of judicial linguistic examinations on the protection of intellectual property rights // Intellectual property. Copyright and neighboring rights. 2005. - N 9. - pp. 50-59.

### **Автор туралы мәлімет**

*Оразбаева Айтбиби Сұлтанқызы – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті тіл және әдебиет кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Қостанай қ., Қозыбаев көшесі, 107, тел. 87013432294, e-mail: [oytbibi@mail.ru](mailto:oytbibi@mail.ru)*

*Оразбаева Айтбиби Султановна - кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры теории языков и литературы Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова, г. Костанай, ул. Козыбаева, 107, тел. 87013432294, e-mail: [oytbibi@mail.ru](mailto:oytbibi@mail.ru)*

*Orazbayeva Aitbibi Sultanovna – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer of Theory of Languages and Literature Department at Kostanay State University, Kostanay, Kozybaev St., 107, phone: 87013432294, e-mail: [oytbibi@mail.ru](mailto:oytbibi@mail.ru)*